



Автор: Шуленбаева Жазира

Пән: Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар/Информатика

Сынып: 8-сынып

Бөлім: Программаларды құрудың кіріктірілген орталары

Тақырып: Соңғы шартты цикл. Алғы шартты цикл Post condition cycle. Pre- condition cycle

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	8.3.3.1 таңдау және қайталау операторларын программаны өңдеудің кіріктірілген ортасыныңда қолдану (C/C++, Python, Delphi, Lazarus)
Сабақтың мақсаты:	□ есептің алгоритмдік моделін соңғышартты цикл арқылы құру □ блок-схема түрінде тапсырманың шешімін құру □ программалау тілінде соңғышартты циклді пайдаланып есептер шығару есептің алгоритмдік моделін алғышартты цикл арқылы құру □ программалау тілінде алғышартты циклді пайдаланып есептер шығару
Тілдік мақсаттар:	Оқу және жазуға арналған пайдалы сөз тіркестері • Алгоритмдік құрылым түрлері..... • Цикл дегеніміз • Циклдік алгоритмдердің түрлері • Тапсырмаларды шешу үшін ... • Тапсырмаларды тестілеу-бұл.....
Күтілетін нәтиже:	Оқушының жаңа тақырыпты толық меңгеруі.
Бағалау критерийлері:	□ есептің алгоритмдік моделін соңғышартты цикл арқылы құрады □ программалау тілінде соңғы шартты циклді пайдаланып есептер шығарады, есептің алгоритмдік моделін алғышартты цикл арқылы құрады □ блок-схема түрінде тапсырманың шешімін құрайды □ программалау тілінде алғы шартты циклді пайдаланып есептер шығарады
Құндылықтарды дарыту:	- ынтымақтастық - шығармашылық және сыни тұрғысынан ойлау -жауапкершілік
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Интербелсенді тақта
Пәнаралық байланыс:	Математика , ағылшын, орыс тілі
Бастапқы білім:	Алгоритм тұжырымдамасы, алгоритмді жазу түрлері, блок-схема, кіріктірілген цикл

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
-----------------	------------------------	-----------

Сабақтың басы (16мин)	Ұйымдастыру. Organizational moment Мұғалім сөзі - Good day my students - How are you today? - Who is on duty today? - Who is absent today? - Today we have some guests, students be active - Let`s start our lesson! Психологиялық ахуалды қалыптастыру. Сабақты бастамас бұрын, ұлы ақын Абай Құнанбаевтың 175 жылдығына және Абу –Насыр Әл-Фарабидің 1150жылдығына орай оқушыларға ағылшын тілінде Абай Құнанбаев және Әл-Фарабидің өмірі жайлы сұрақтар қоямын: 1. Who is Abai Kunanbayev? 2. When was he born? 3. Where was he born? 4. What works of Abai Kunanbayev do you know? 5. Who is Al-Farabi? Үй тапсырмасын сұрау Quizlet.com программасы арқылы оқушыларды топқа бөліп үй тапсырмасын сұрау. Сұрақтар: 1 Параметрлі цикл дегеніміз не? Параметрлі цикл (for сөзінен басталатын) операторы басқарушы айналымына мәндердің өспелі тізбектілігі меншіктеліп тұрғанда тұлғасындағы оператордың қайталанып орындалуына әкеледі. 2 Алгоритм дегеніміз не? Алгоритм дегеніміз - алға қойылған мақсатқа жету үшін немесе берілген есепті шешу үшін түсінікті де нақты ережелер бойынша орындаушыға жинақы түрде берілген реттелген нұсқаулар тізбегі. 3 Параметрлі циклдің жазылуы? FOR цикл параметрі:=бастапқы мән ТО соңғы мән ДО цикл денесі; 4 Циклдік алгоритм дегеніміз не? белгілі бір әрекеттер тізбегінің бірнеше рет қайталанып орындалуы. 5. Case қандай оператор? таңдау операторы 6. Edit, Label, Button қай программаның компоненттері? Lazarus 7. For операторының қазақша аудармасы Үшін 8. Программаның блок сызбасы дегеніміз не? Программаның блок-схемасы (Блок-схема программы; flowchart) — енгізу -шығару және шешім қабылдау операциялары үшін стандартты графикалық кескіндер жинағын пайдаланатын программаны әзірлеу тәсілі. Бағалау: Әр оқушыны ауызша және стикер тарату арқылы бағалау	Quizlet.com программасы
----------------------------------	---	--------------------------------

Сабақтың ортасы (20мин)	1. Жаңа сабақ. Оқушыларға алғышартты циклді және соңғы шартты циклдіңанықтамасын айтып, блок-схемасын құру арқылы түсіндіру Циклдіалгоритмнің тағы бір түрі – шартты цикл денесі орындалған соң тексеретіналгоритм. Сондықтан, бұл шартты – шартты циклдің аяқталуы депатауымызға да болады. Циклдің бұл түрі- соңғышартты цикл деп аталады.Бұл жағдайда цикл шарттың нәтижесі «жалған» (false) болғаншақайталанады, яғни шарт орындалғанға дейін жалғаса береді. Егер шартбірден ақиқат болса, онда цикл кем дегенде 1 рет орындалады. Алғышартты циклі While – do жұбынан тұрады (1-сұлба). Өрнектің нәтижесібульдік типтегі нәтиже болады. While – do қызметші сөздердіңаралығындағы операторлар өрнектің нәтижесі false (жалған) мәнінқабылдағанша ретімен орындала береді. Операторлардың тізбектілігіRepeat-until операторындағыдай кемінде бір рет болса да орындалмайқалуы да мүмкін, себебі өрнек циклдегі операторлар орындалмай тұрыптексеріледі. Егер тексеріліп жатқан шарт жалған болса, онда цикл денесіорындауды бастамай-ақ өз кезегінеөткізеді. Image not found or type unknown 5e5c9e82be28a.png Image not found or type unknown Сабақта қолданылатын жаңа термин сөздермен таныстыру: Дейінгі қайталау- Повтор до тех пор- Repeat-until Айналым-Цикл- Cycle Әзірше қайталау-Пока повтор-While-do Сұрыптаушы-Сортировка-Sorter Бағдарлама- Программа-Program Тапсырма №1: Практикалық жұмыс. 113бет «Санды зерттеу жобасы» N натурал саны берілген ($0 <= N <= 109$). Осы сан цифрларының қосындысын және көбейтіндісін табатын жоба жасау Дескриптор: 1. Программаны іске қосады 2. Программаға керекті компоненттерді орнатады 3. Код програмасын жазады Бағалау: Әр оқушыны ауызша және стикер тарату арқылы бағалау Тапсырма №2: «Домино» ойыны. Тақырыпқа сай сөздіктердің аудармаларын тауып реттеу Бағалау: Әр оқушыны ауызша және стикер тарату арқылы бағалау Жаңа сабақты бекіту Сұрақ-жауап 1. Алғы шартты цикл дегеніміз не? 2. Соңғы шартты цикл дегеніміз не? 3. Алғы шартты циклі қандай жағдайда тоқтайды? 4. Repeat –Until операторының жұмыс жасау негіздері қандай? 5. Соңғы шартты цикл қандай жағдайда тоқтайды? Оқушылар келесі сәйкестіктерді анықтап, талдайды. Бағалау: Әр оқушыны ауызша және стикер тарату арқылы бағала	
Сабақтың соңы (1мин)	Үйге тапсырма: §4.6 §4.7 111-117 бет 121 бет сұрақтарға жауап жазу	5e5c9f3d1ed59.png
Рефлексия (3мин)	Кері байланыс. Стикерге жазып жабыстырады 1. Сабақ қызықты өтті, мен сабақта белсене қатыстым 2. Сабақ қызықты болды, бірақ мен өзімді көрсете алмадым. 3. Тапсырмалар қиын болды, мен тапсырмаларды толық орындай алмады.	Image not found or type unknown